

Тақырыбы: Ә.Исабаев ұсынған қазақ тілін практикалық және теориялық тұрғыдан оқыту әдістерін талдау, маңызын айқындау

Қазақ тілін оқыту әдістемесі — педагогиканың күрделі саласының бірі — дидактика тарауында қаралады. Дидактика (оқыту теориясы) гректің *didaktikos* — оқытамын деген сөзінен шыққан. Дидактиканың негізгі проблемалары оқу үрдісінің заңдылықтарын, принциптерін және оқытудың тиімді әдістемелерін көрсетеді. Ал қазақ тілінен оқушыларға білім беру кезінде — оқыту әдістері жоғарыда айтылған заңдылықтар мен принциптерге негізделеді. Оқыту материалын түсінікті етіп баяндау үшін дидактиканы көп жылдан бері зерттеген дидактик ғалымдарымыздың зерттеу әдістерін үнемі басшылыққа алып отыру керек. Қазақ тілін оқытуда оқушыларға тиянақты, сапалы да, саналы білім беру — мұғалімнің оқыту әдістері мен тәсілдерін шебер меңгеруі арқылы жүзеге асады. Қазақ тілін оқыту технологиясы. Ол оқытушы мен оқушы арасындағы жақсы ұйымдастырылған қызметтен көрінеді.

Профессор Ә.Исабаев: «Қазақ тілінен білім беру әдістері сан алуан. Осы әдістерді әдістемеде жіктеп көрсетудің мәні зор. Жіктеп көрсетуде, біріншіден, оқушыға берілетін білімнің сапасы артады, екіншіден, оқушымен жүргізілетін жұмыстың дәлдігі нығаяды, үшіншіден, мұғалімнің атқаратын жұмысы жеңілдейді... Оқушылар тілді практикалық-теориялық және теориялық-практикалық жағынан меңгереді. Қазақ тілінен білім беру әдістерін топтастыру әдістемесінің соңғы жетістіктеріне негізделеді», – дейді.

Ә.Исабаев ұстанымдарды ғылыми, жүйелі, көрнекілік, саналылық пен белсенділік, теорияны практикамен байланыстыру, түсінуге жеңіл қолайлылық, оқушылардың психикалық ерекшелігін ескеру ұстанымдары деп топтастырады. Әдіскер ұсынған оқушылардың психикалық ерекшелігін ескеру ұстанымы басқа әдіскерлердің еңбектерінде кездеспейді.

Ә.Исабаев өзінің «Қазақ тілін оқытудың дидактикалық негіздері» деген еңбегінде оқыту әдістерін: әңгіме, хабарлау, тәжірибе, түсіндіру және кітапты пайдалану әдісі деп теориялық, тәжірибелік тұрғыда оның төрт түріне тоқталады

Ә.Исабаев болса, қазақ тілінен білім беру әдістерін былайша топтайды:

- Қазақ тілін практикалық жақтан үйрету әдістері (Қазақ тілін әдебиет материалымен байланыстырып өту әдісі, түсініксіз сөздерді үйрету әдісі, диалогтық және монологтық сөйлеуді үйрету әдісі, ауызша түсіндіру әдісі, ауызша мазмұндау әдісі және мәнерлеп оқу әдісі).
- Қазақ тілін теориялық жақтан үйрету әдістері (Әңгіме әдісі, хабарлау әдісі, түсіндіру әдісі, тәжірибе әдісі, кітапты пайдалану әдісі).
- Қазақ тілін теориялық және практикалық жақтан үйрету әдістері (дайын материалды талдау әдістері, фонетикалық талдау әдістері, морфологиялық талдау әдісі, синтаксистік талдау әдісі, тілдің материалдың түрін өзгерту әдісі, тілдік тапсырмалары бар мазмұндау әдісі, қазақ тілі бойынша сөйлем құрату әдісі, тілдік тапсырмалары бар шығарма жаздыру әдісі, орфографиялық талдау әдісі, көшіріп жазу әдісі, диктант жазу әдісі).

Қазақ тілінің негізгі салаларын оқыту да ғылыми фактілерге, дәлелдеулерге, ұғымдарға, екінші сөзбен айтқанда, ғылыми принципке негізделеді. Профессор Ә.Исабаев: <<Оқушыларға берілетін тілдік мәліметтер төмендегі өлшемге сәйкес болуы қажет: Меңгерілетін объектінің термині анық болуы қажет, мәселен төртінші және бесінші сынып оқушыларына берілетін және онымен таныстырылатын терминнің аясын аса ғылыми дәрежеде кеңейтіп беруге болмайды: айталық дауысты дыбыстарды - вокализм деп, дауыссыз дыбыстарды - консонантизм деп түсіндіруге келмейді. Сондай-ақ қосынды дауыстыларды - дифтонгит деп түсіндіруге болмайды. Сондықтан да қазақ тілінен нақтылы білім беруде, сол сынып деңгейіне ғана сиятын терминдерді ғана пайдалануға болады>>, - дейді. Сонымен қатар меңгерілетін тақырыптарды өзіндік белгілерінің, анықтамалар мен ережелерінің, берілетін практикалық дағдылардың дәл, анық болуы мектеп оқушыларының тілдік материалды жан-жақты түсінуіне септігін тигізеді. Сөйтіп, қазақ тілін оқыту барысында оқытушы берілетін білімнің (тақырыптың) ғылыми жағына, оның зерттелуі, тарихи даму ерекшелігі, ғылыми фактілер, анықтамалар, терминдерді оқушылардың жас ерекшелігіне қарай түсінікті айту арқылы жүргізеді.

Ә.Исабаев қазақ тілінен өтетін сабақтарды төмендегіше жіктейді:

I. Теориялық білім меңгерту сабақтары: жаңа сабақ, біріккен сабақ және лекция-сабақ түрлері. Осы теориялық білім меңгерту сабақтары оқушыларға теориялық тілдік материалдарды игертуде іске асырылады. Жаңа сабақ жаңа білім беру үшін, біріккен сабақ өткен мен жаңаны ұштастыру мақсатында өткізіледі. Ал лекция сабақ теориялық материалдарды ауызша мазмұндап жеткізу мақсатында іске асырылады.

II. Практикалық дағды қалыптастыру сабақтары: бекіту сабағы, семинар-сабақ, баспасөз конференциясы сабағы, практикум-сабақ, тексеру сабағы, сынақ-сабақ, коллоквиум-сабақ, талдау сабағы және қайталау сабақтары. Практикалық дағды қалыптастыру сабақтары оқушылардың дене және ой дағдыларын ширату үшін, бекіту сабағы оқушылардың қазақ тілінен күнделікті алған білімдерін нығайтып отыру үшін өткізіледі

Семинар-сабақ білім мен білік және дағдыны толықтыра түсу, баспасөз-конференциясы сабағы оқушылардың іскерлігі мен танымдық белсенділігін арттыру, практикум-сабақ тілдік материалдарды жаттықтыра түсу, тексеру сабағы оқушылардың қазақ тілінен алған білімдері қаншалықты меңгерілгендігін байқау, сынақ-сабақ қазақ тілінен алған білім мен дағдысын бір жүйеге түсіру, коллоквиум-сабақ оқушылардың білімін бірізге түсіру, талдау сабағы оқушылардың ауызекі тілдегі және жазба жұмыстарындағы жіберген қателерін арнайы талқылау, қайталау сабағы өткен материалдарды оқушылар ойына толық қалыптастыру мақсатында өткізіледі.

Ә.Исабаев «Қазақ тілін оқытудың дидактикалық негіздері» (1993) деген еңбегінде қазақ тілінен білім беру әдістерін практикалық жақтан үйрету әдістері, теориялық жақтан үйрету әдістері және теориялық-практикалық үйрету әдістері деп 3 түрге жіктеп, оларды ішінара бірнеше әдіске топтастырады:

1. Қазақ тілін практикалық жақтан үйрету әдістері (іштей 7-ге бөлген):

- а) қазақ тілін әдебиет материалымен байланыстырып өту әдісі;
- ә) түсініксіз сөздерді үйрету әдісі;
- б) диалогтік және монологтік сөйлеуді үйрету әдісі;
- в) ауызша түсіндіру әдісі;
- г) ауызша мазмұндау әдісі;
- ғ) мәнерлеп оқу әдісі.

2. Қазақ тілін теориялық жақтан үйрету әдістері (іштей 5-ке бөлген):

- а) әңгіме әдісі;
- ә) хабарлау әдісі;
- б) түсіндіру әдісі;
- в) тәжірибе әдісі;
- г) кітапты пайдалану әдісі

3) Қазақ тілін теориялық және практикалық жақтан үйрету әдістері (іштей 11-ге бөлген):

а) дайын материалды талдау әдістері;

ә) фонетикалық талдау әдістері;

б) морфологиялық талдау әдісі;

в) синтаксистік талдау әдісі;

г) тілдің материалдық түрін өзгерту әдісі;

ғ) тілдік тапсырмалары бар мазмұндау әдісі;

д) сөйлем құрату әдісі;

е) тілдік тапсырмалар негізінде шығарма жаздыру әдісі;

ж) орфографиялық талдау әдісі;

з) көшіріп жазу әдісі;

и) диктант жазу әдісі.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР

- Исабаев Ә. Қазақ тілін оқытудың дидактикалық негіздері. -Алматы. 1993